Әкімдіктің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 315 "Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 97 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 сәуірде № 6255 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 ақпандағы № 83 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 22.02.2017 № 83 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 315 "Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4927 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген "Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережедегі:

18-тармақта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру кестелерін әзірлейді және бекітеді;";

18-тармақ мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша ұжымдық еңбек дауларының мониторингін жүргізеді;

14) жұмыс берушінің қызметін декларациялауды жүзеге асырады.".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі *А. Мұхамбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК